

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін бюджеттік кредит ұсыну туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 2 тамыздағы № 36 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 23 тамызда № 9-17-143 тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабы 8-тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына сәйкес, Сарыкөл ауданы әкімінің 2012 жылғы 17 шілдедегі № 07-15/690 хатын қарастырып, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария салалары мамандарына қажеттілікті ескере отырып Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2012 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с

сессияның төрайымы

Ш. Стап

А у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

А. Қарашолақов

КЕЛІСІЛДІ:

*"С а р ы к ө л а у д а н ы
әкімдігінің ауыл шаруашылық
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы*

М. Төлемісов

*"Сарыкөл ауданы әкімдігінің
экономика және бюджеттік*

жоспарлау бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ *И. Насыров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ